6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Ильясова Назгулдің «Һибат-ул хақайық» ескерткішінің (XII ғасыр) лингвотекстологиясы» атты диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Көне дәуірлерде өмір сүрген түркі халықтары кейінгі ұрпағына орасан зор тарихи, мәдени, ғылыми, әдеби мұралар қалдырды. Солардың бірі – XII ғасырда жазылған әдебиет ескерткіші – Ахмед Йүгнекидің «Һибат-ул хақайық» атты дастаны.

Көне түркі жазба ескерткіштері XXI ғасырда өмір сүріп отырған түркі халықтарына ортақ мұра. Бұл ғалымдар тарапынан мойындалған. Көне түркі әдеби тілін қалыптастыруға қазіргі ұлттардың ата-бабалары белгілі дәрежеде үлес қосқан.

«Һибат-ул хақайық» шығармасының жазылуына сол кездегі тайпа одақтарының қатысу дәрежесі әр түрлі болған. Осыдан келіп оғыз, қыпшақ, қарлұқ-ұйғыр тілдер тобының аталмыш ескерткішке қосқан үлесі қандай деген сұраққа ізденуші ескерткіштің негізін қалаған түркі тілдерінің әр нұсқаға қатысын анықтаған. Докторант тарихи мұраның А, Ә, Б нұсқаларын жеке-жеке алып, тілдің барлық салалары бойынша толық салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ашқан. Сонымен қатар тарихи жазба ескерткіштің 3 нұсқаларын өзара бір-бірімен салыстырып, олардың әрқайсысына тән ерекшеліктердің айқындалуы да жұмыстың ғылыми құндылығын арттырары сөзсіз.

Зерттеу жұмысында «Һибат-ул хақайық» тілінің морфологиялық сипаты қазақ тіліндегі грамматикалық негіздер бойынша салыстырылып, талданған. Соның нәтижесінде ашылған тілдік айырмашылықтар қазіргі ғылым жетістіктері тұрғысынан түсіндірілген. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыста аталған ескерткіш тіліндегі Арат, Махмудов және Б.Сағындықұлы жасаған сыни мәтіннің фонетикалық ерекшеліктері, морфологиялық құрамдас бөліктері тілдік элементтер арқылы айқындалған. Өзгерістерді нақты тілдік фактілер негізінде түсіндіре отырып, көне тілдік элементтер мен жаңа тілдік элементтер арасындағы тарихи сабақтастықты анықтаған.

Жәдігерліктің үш нұсқасы қатар салыстырылып, ондағы фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік айырмашылықтар толық ашылған, көшірмешілер тарапынан жіберілген әр түрлі орфографиялық қателіктер, стильдік кемшіліктер, логикалық қисынсыздықтар түзетілген.

Біздің заманымызға бірнеше көшірмесі келіп жеткен Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» (Ақиқат сыйы) тарихи ескерткіш тіліне текстологиялық жағынан талдау жасау барысында ізденуші жұмысында аталған үш нұсқаның мәтінінде ұшырасатын орфографиялық, фонетикалық, лексикалық, морфологиялық айырмашылықтарды және текстологиялық

зерттеулер жүргізгенде А, Ә, Б нұсқаларындағы көшірмешілер тарапынан жіберілген қателерді тауып, олардың орын алу себептерін түсіндірген. Жалпы, сан алуан лингвотекстологиялық талдаулардың нәтижесінде үш нұсқалардағы бүкіл айырмашылықтардың қыр-сырын ашуға тырысқан.

Біздің заманымызға келіп жеткен көне түркі жазба ескерткіштерінің қай нұсқасын алсақ та, бірнеше көшірмешінің қолынан өткендігін байқауға болады. Көшірмешінің тарапынан өзгертілген сөздер автор жазған вариант пен көшірмешілер түзген варианттың арасында айтарлықтай айырмашылықтардың пайда болуына септігін тигізеді. Ізденушінің текстологиялық зерттеулерге сүйеніп, айырмашылықтардың қыр-сырын ашуға, ғылыми дәлдік пен нақтылықты басшылыққа алып, автордың алғашқы түпнұсқасын ажыратуда жасаған еңбегі зор деп білеміз.

Докторант түрколог ғалымдардың зерттеу жұмысындағы пікірлерге сүйене отырып, нақты тілдік фактілерді негізге ала отырып бұл ескерткіштің **оғыз-қыпшақ** тілінде жазылғандығын айқындап отыр.

«Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы – Ректоры
ф.ғ.д., профессор **Ж.Қ. Түймебаев**

Қолын растаймын
Подпись заверяю
Шаухарова М.А.

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
"AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY" NON-PROFIT JOINT STOCK COMPANY
ӘЛ-ФАРАБИ УНИВЕРСИТЕТІ
БИН 990140001154